

АТА ЗАҢҒА – 30 ЖЫЛ!



№67
(2342)
Сенбі
30 тамыз
2025 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ТҰРПАЖ- ҚАЗАЛЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ!

Құрметті жерлестер!

Баршаңызды мызғымас мемлекеттігіміздің алтын қазығы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің бұлжымас бағдары, кемел келешегіміздің кепілі - Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

1995 жылы 30 тамызда, осыдан тура 30 жыл бұрын жалпыхалықтық референдумда дауыс беру арқылы еліміздің негізгі Ата Заңы қабылданды. Осылайша тәуелсіз Қазақстан зайырлы, құқықтық және біртұтас мемлекет деп жарияланды. Атазаң – егемен еліміздің дербестігі мен саяси тұрақтылығын сипаттайтын тарихи құжат. Мұнда мемлекетіміздің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың мақсат-міндеттері көрсетілген. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының мемлекет мүддесінен жоғары қойылуы Ата Заңның басты ұстанымы болып табылады.

Ұлтымыздың ұлан-ғайыр тарихында Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», Әз Тәукенің «Жеті жарғысы» секілді халық қолдаған, тарихи маңызы аса зор дала Заңының жалғасы бүгінгі Конституция зайырлы, демократиялы ел құрудың бірден бір бастауы болды.

Өркендеп, ілгерілеудің басты құжатына айналған, бүкіл халық болып қабылдаған Ата Заңды құрметтеу – біздің міндетіміз әрі қасиетті борышымыз. Еліміз татулық-бірлігінің арқасында қарышты даму жолынан таймасын! Айтулы мерекеде баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, елімізге тыныштық, ауызбіршілік тілеймін.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміз еңселі, бірлігіміз бекем болғай!

Құрметпен,
Қазалы ауданы
әкімінің міндетін
атқарушы
Жалғас Сүйеубаев

АУДАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Аудан әкімінің міндетін атқарушы Жалғас Сүйеубаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте 2025 жылдың 7 айының қорытындысымен ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы және негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің орындалуы мәселелері қаралды.

Ауданда 2025 жылдың қаңтар-шілде айларында негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша өсім қалыптасқан. Атап айтқанда, өнеркәсіп өнімі 19,9 пайызға, өңдеу өнеркәсібі 20 пайызға, ауыл шаруашылығының өнімі 6,2 пайызға, құрылыс жұмыстары 93,2 пайызға, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 6,4 пайызға, инвестиция тарту 23,5 пайызға артқан. Оның ішінде жеке инвестициялар 8,5 пайызға артқан.

Мәжілісте Жалғас Оңғарұлы

ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы өңіріміздің негізгі көрсеткіші болып табылатындықтан, барлық сала бойынша белгіленген межелерді толық орындап, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, мемлекеттік бағдарламаларды тиімді жүзеге асыру бағытында бірлесе жұмыс атқару қажеттігін айтты. Сондай-ақ, аудан әкімінің салаға жауапты орынбасарларына, сала басшылары мен ауыл әкімдеріне тиісті басқармалармен бірлесіп, республикалық, облыстық, аудандық бюджеттерден бөлінген қаржылардың жоспарға сәйкес ай сайын 100 пайызға орындалуын қамтамасыз етуді қатаң тапсырды. Сонымен қатар, салаға жауапты аудан әкімінің орынбасарына «2026–2028 жылдарға арналған республикалық бюд-

жет туралы» Заң шеңберінде ауданның үшжылдық бюджет жобасын әзірлеп, экономика бөлімімен тиісті салалық бөлімдермен бірлесіп, облыстық басқармаларға, республикаға ұсынған жобалардың қаржыландырылуын пысықтау керектігін жеткізді.

Мұнан кейін мәжілістің күн тәртібінде алдағы жылу беру маусымына қатысты мәселелер де қаралып, тиісті тапсырмалар берілді.

Жалғас Оңғарұлы алдағы жылу беру маусымында ешқандай мәселе туындамауы тиіс екендігін айтып, білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, жұмыспен қамту бөлімдері мен басқа да нысандардың барлығының толығымен жылу беру маусымына дайын болуын қамтамасыз ету жөнінде тапсырмалар берді.

ЕГІСТІ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ КӨМЕК КӨРСЕТКЕН ТӨТЕНШЕЛІКТЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Аудан әкімінің міндетін атқарушы Жалғас Сүйеубаев вегетациялық кезеңде аудандағы егіс алқаптарын сумен қамтамасыз етуге басқа өңірлерден арнайы келіп көмек көрсеткен Ақтөбе, Қостанай, Маңғыстау өңірлерінің төтенше жағдайлар саласының қызметкерлерімен кездесіп, алғысын жеткізді.

-Биыл аудан көлеміндегі егіс алқаптарын сумен қамтамасыз ету жұмыстарына шаруашылық құрылымдарының, «Қазалысушар» өндірістік учаскесінің 3 дана, ауыл шаруашылық құрылымдарының 9 дана, елді-мекендердің

меншігіндегі 26 дана жергілікті су насостары толық егіске су тартуға жұмылдырылды. Сырдария өзеніндегі су көлемінің аз болуына байланысты тағы да қосымша насостарға қажеттілік туындап, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар және Қазақстан Республикасы Су ресурстары, ирригация министрліктері облысқа барлығы 25 дана дизельді су насос қондырғылары жеке құраммен бірге көмекке жіберілсе, оның 4 данасы ауданымызға әкелініп, қосымша су насос қондырғысы арқылы «Жалаңтөс батыр» ЖШС-нің 100 гектар, «РЗА Агро» ЖШС-нің 70 гектар жеріне су

айдап жеткізіп, көмек көрсетті. Жеке құрам көмек құралдарымен шілде айынан бастап, 2 ай бойы үздіксіз, екі ауысыммен жұмыс істеп шаруаларға үлкен жәрдем берді. Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауларының арқасында дер кезінде қабылданған шешімдер, жүргізілген келіссөздер нәтижесінде биылғы жылы егіс алқаптары сумен қамтамасыз етіліп, егісті барынша шығынсыз өсіру мақсатында шаралар атқарылды. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі қызметкерлерінің елеулі еңбектері орасан зор,- деді Жалғас Оңғарұлы. Жиын соңында

аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш сөз сөйлеп, шаруашылықтардың егіс алқаптарын сумен қамтамасыз етуге үлес қосқан төтеншеліктердің бұл еңбегі - диқандар үшін үлкен көмек болғандығын жеткізді.

Айта кетейік, биыл аудан бойынша 17 мың 445 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, оның ішінде күріш дақылы 5 мың 636 гектар жерге орналастырылды. Алдағы қыркүйек айының алғашқы онкүндігінде аудан бойынша егінге орақ салу науқанын бастау жоспарланып отыр.

Ұлпан
ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНА – 30 ЖЫЛ



2025 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданғанына 30 жыл толып отыр. Бұл – еліміздің құқықтық, демократиялық мемлекет ретінде қалыптасуындағы аса маңызды тарихи белес. Конституция – Қазақстан Республикасының Негізгі заңы ретінде мемлекетіміздің саяси, экономикалық, әлеуметтік дамуының құқықтық негізін қалаған басты құжат.

1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған Конституция мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайтты, ұлттық бірлікті сақтап, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепіліне айналды. Конституцияның бірінші бабында Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп жариялап, адам мен адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтарын – ең жоғары құндылық ретінде айқындады.

30 жыл ішінде Қазақстан Конституциясы елдегі саяси жүйенің, мемлекеттік басқару институттарының, азаматтық қоғамның және құқықтық жүйенің қалыптасуына зор үлес қосты.

Сонымен қатар, мемлекет дамуының әр кезеңінде Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, заман талабына сай бейімделді. 2022 жылы өткен референдум нәтижесінде Конституцияға енгізілген түзетулер еліміздің саяси жаңғыруына және «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатына негізделген жаңа мемлекеттік модельге жол ашты.

Конституция күні – әрбір қазақстандық үшін ел тәуелсіздігі мен бірлігінің, қоғамдық келісім мен тұрақтылықтың нышаны. Бұл – мемлекет пен қоғам өміріндегі маңызды мереке ғана емес, сондай-ақ әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын негізгі заңға деген құрметтің көрінісі.

Қазақстан Республикасының Конституциясы – еліміздің басты құндылықтарын айқындайтын, мемлекеттілігіміздің берік негізі. Конституцияның 30 жылдығы – бұл заң үстемдігіне, азаматтық теңдікке, әділеттілік пен қоғамдық келісімге негізделген мемлекет құру жолындағы маңызды белес.

Дәурен ӘБДІХАЛЫҚОВ,
Қазалы аудандық
сотының төрағасы

ЗАҢДАРДЫҢ ҚАЙНАР БАСТАУЫ

Адамзат баласының өмір сүруі белгілі бір заңдылықтарға бағынатыны сияқты әр мемлекеттің де негізгі заңы болуы шарт. Ол заңның барлық тілдердегі мойындалған атауы - Конституция.

Тәуелсіз даму жолына түскен елімізді биіктерге бастайтын Ата Заңымыз мемлекеттік құрылымды дәйекті түрде анықтап, Президенттік басқару үлгісін бекітіп берді.

Барлық заңдар мен заңнамалардың бастауы болып табылатын құнды құжат - Қазақстан Республикасының қалыптасу жолындағы қиындықтарды еңсеруге ғана емес, халықаралық-құқықтық беделін күшейтуге мүмкіндік беріп, ең басты құндылығы адам және адам өмірі, оның құқықтары мен бостандықтарына кепіл болды.

Қастерлі құндылығымыздың қағидаттарын бұлжытпай орындаудың нәтижесінде біз қысқа мерзімде мызғымас мемлекетімізді орнатып, Тәуелсіздігімізді тұғырлы еттік. Ата Заң тәуелсіздігіміз бен тұтастығымыздың кепілі ретінде біздің бірлігімізді бекемдеп, елдегі тұрақтылық пен татулықтың берік тұтқасы болды.

Конституция мемлекеттік биліктің қайнар көзі халықтың өзі екенін айқындады. Жаңа Конституция қабылдау арқылы Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты.

Әрбір азаматы өзін тең сезінетін, татулығы жарасқан мәңгілік елінің, Қазақстан халқының қарымды істері бүгінде әлем жұртшылығы үшін үлгі - өнегеге айналды. Біздің тәуелсіздігімізді нығайтты, мемлекетті және бүкіл қоғамды берік етті. Сондықтан да біздің ортақ парызымыз - негізгі заңға құрметпен қарау.

Еліміздің құқықтық жүйесіндегі ең жоғары қадағалауды жүзеге асыратын прокуратура органдары қоғамдағы заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға да өз үлесін қосуда. Конституциямен белгіленген міндеттердің талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы аумағында күші бар заңдардың қолданылуын, адам мен азаматтардың конституциялық құқығының қорғалуын, қылмыстық іс жүргізу сатыларында заң бұзушылықтардың жіберілмеуін, заңдылықтардың дәлме-дәл бірыңғай орындалуын бақылап, сот шешімдері мен қаулыларының әділдігіне ықпал ету жұмыстарын жүргізіп келеді.

Ең алдымен адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау прокурорлық қадағалаудың басты мақсаты мен міндеті болып табылады. Осы бағытта Қазалы ауданы прокуратурасымен заңдылықтың сақталуы мен тәртіптің нығаюы, азаматтар құқығының бұзылмауына жол бермеу бағытында бірқатар іс - шаралар атқарылып, кіші және орта кәсіпкерлікті қолдау, кәмелетке толмағандар мен жұмысшылардың еңбек құқықтарының қорғалуына баса назар аударылды.

«Ел болам десең - бесігінді түзе» дегендей, бүгінгі күні елімізде жастар мен жасөспірімдердің білім алып, тәрбиеленуіне бағытталған көптеген игі шаралар қолға алынған.

2025 жылдың 8 айында прокуратура органдарымен кәмелетке толмағандар туралы заңнамалардың сақталуына жүргізілген тексерулер нәтижесімен 25 заң бұзушылық анықталса, енгізілген прокурорлық қадағалау актілері негізінде 18 тұлға тәртіптік, 7 тұлға әкімшілік жауаптылыққа тартылып, 4381 кәмелетке



толмағанның конституциялық құқығы қорғалды.

Бүгінгі күні прокуратура Ата заңмен бекітілген әрбір заңның үстемдігіне ара түсуші, әділдікті жақтаушы, заңнамалардың өз мақсатында қолданылуына қадағалау жасаушы орган ретінде орныққан.

Конституцияның 26-бабында «Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар» деп көрсетілген. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауда ағымдағы жылдың 8 айында 1 тексеру, 5 талдау жүргізіліп, 16 заңдылықты бұзушылық анықталды.

Прокурорлық қадағалау актілерінің негізінде 421 кәсіпкердің құқықтары қорғалды.

Сонымен қатар, үстіміздегі жылдың өткен кезеңінде прокуратурамен 154 азаматтың конституциялық құқығы қорғалды, оның ішінде 63 азаматқа 5 млн. теңгеден астам еңбекақы өндірілсе, 11 азаматтың денсаулық сақтауға байланысты құқықтары қорғалды, 34 тұлға заңсыз жауапкершіліктен босатылды.

Қадағалау органдарымен қылмыстық ізге түсу органдарында қылмыстық қудалауды жүргізуде әрбір азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуына ерекше назар аударылып, осы органдардағы камералар мен уақытша ұстау изоляторларында, қызметтік және өзге де үй-жайларында үздіксіз қадағалау орнатып, түнгі уақытта, мереке және демалыс күндері тексерулер жүргізеді.

Республикамыздағы прокуратура органдарының мәртебесі мен атқарған қызметі Конституцияда белгіленгендей біз осы құзыреттілікте мемлекеттің мүддесін көздей отырып, қоғамымызда құқықтық заңдылықтың сақталып, әділ шешімдердің үстемдік алуы мақсатында жүзеге асыра береміз.

Қазақта «Тәртібі жоқ елден бірлік кетеді, бірлік кеткен жерден байлық кетеді» деген даналық сөз бар. Ал, тәртіп пен бірліктің, өмір сүру мен дамудың негізгі қағидасы - Конституция.

Баршаңызды Ата Заңымыздың 30 жылдығымен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін!

Дарын ӘБІШ,
Қазалы ауданының
прокуроры,
аға әділет кеңесшісі

АТА ЗАҢ — ТӘУЕЛСІЗДІК КЕПІЛІ



Биыл Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл толып отыр. 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум нәтижесінде қазіргі қолданыстағы Конституция қабылданды. Бұл тарихи шешім – халқымыздың еркін таңдауымен, тәуелсіз мемлекеттің болашағына деген сеніммен қабылданған маңызды құжат болды. Содан бері еліміздің даму жолында, қоғамдық тұрақтылық пен саяси жүйенің орнығуында Ата Заң берік негізге айналды. Өткен 30 жылда Конституция уақытпен үндесіп, за-

ман талабына сай бірнеше мәрте толықтырылып, жаңғыртылды. Бұл өзгерістер мемлекетіміздің даму бағытын айқындап, халықтың құқықтары мен бостандықтарын одан әрі нығайтуға зор мүмкіндік берді. Ата Заң – ел жаңғыруының, әділет пен заң үстемдігінің темірқазығына айналып, ел бірлігі мен мемлекеттік тұрақтылықтың көрінісі болды. Ата Заң — Қазақстанның саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуының негізі болған ең басты

құқықтық құжат және азаматтардың құқығы мен бостандығының кепілі. Конституцияда көрсетілген «Мемлекеттің ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деген норма еліміздегі құқықтық жүйенің негізгі тұғыры болып қала бермек.

Конституция – ел тағдыры мен ұлт болашағының темірқазығы. Ата Заңды құрметтеу, оны бұлжытпай сақтау – әрбір қазақстандықтың азаматтық борышы. Өйткені елдің бірлігі мен ынтымағы, қоғамдағы тұрақтылық пен бейбіт өмірдің басты негізі дәл осы – Конституциядан бастау алады.

Ата заң – елдің жүрегі, мемлекеттігіміздің тұғыры. Оны құрметтеу – әрбір азаматтың ортақ міндеті. Конституцияға құрмет – елге, Тәуелсіздікке деген құрмет.

**Қазалы ауданының
Қоғамдық даму
бөлімі**

ҰЛЫҚ ТҰТАР АТА ЗАҢ!

Конституция — Қазақстан Республикасының негізгі заңы болып табылады. 1995 жылы 30 тамызда халықтық дауыс беру арқылы қабылданған Ата заңымыз бұл күндері еліміздің қазіргі шағы мен жарқын болашағы үшін қызмет етіп келеді. Конституция халықтың дауыс беруі арқылы қабылданғандықтан қазақстандықтар әр жылдың 30 тамызында Конституция күнін атап өтеді. Конституция күні мемлекеттік мерекелер қатарына енген, мәртебесі жоғары айрықша күн, ерекше мереке.

Конституция — Қазақстанның демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде дамуына қолайлы жағдай жасайды. Яғни, еліміз үшін қызмет етеді. Заңда белгіленген барлық тұжырым, қағидалар өмірдің барлық салаларын өркениетті заң жүзінде басқаруға жағдай жасап отыр десек қате айтпағанымыз болар.

Қабылданған Конституцияда демократияның түпкі мәні ерекше көрініс тауып, айқындалған. «Демократия» деген грек сөзін өз тілімізге

аударсақ, халықтың билігі деген мағынаға ие болады. Бұл тұжырым қағида Негізгі Заңның үшінші бабында нақты көрініс тапқан. «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» — деп нақты жазылған. Демек, мемлекеттің басты байлығы халық болып табылады. Халық арасындағы достық мен сыйластық, ынтымақ, бірлік мықты болса мемлекетте мықты, шетелдіктер алдында абыройлы болмақ.

Халқымыздың әлауқаты тұрмыс-тіршілігі жақсы болса мемлекетіміз де биікке қанат қағып, жарқырай түседі. Ал халықтың тұрмысы жақсы болуы үшін әрбір қазақстандық өз істеріне жауапты болып, өз жұмыстарын дөңгелетіп отырса, бір-біріне көмек беріп, бірін-бірі қолдап жүрсе, жемқорлыққа жол бермей, өз міндеттерін адал атқарса міне сонда еліміздің жұлдызы жарқырап, айы оңынан туады десем қате айтпағаным болар! Демек, әрбір ісімізге ұқыпты болсақ, заң талаптарын берік ұстана білсек, бұзақылық, қылмыстардан аулақ болсақ өміріміз

күннен күнге жанданары сөзсіз.

Бүгін тамыздың 30-ы, яғни Конституция күні. Барша қазақстандықтарды айтулы мерекемен шын жүректен құттықтаймын! Еліміздің басты байлығы халқымыз аман болсын!

Өркендеп дамуымыздың басты құжатына айналған Ата заңымызды бәріміздің құрметтеуіміз парыз. Қазақстанның әрбір азаматы еліміздің негізгі заңының асқақ рухы мен маңызын жақсы білуі керек. Конституцияны құрметтеу және сақтау арқылы біз елімізді, Отанымызды, тарихымызды, құндылықтарымызды құрметтейміз және еліміздің дамуына, қоғамдық келісімге, бейбітшілік пен тыныштыққа қол жеткізе аламыз. Өйткені, біздің Ата Заңымыз – Қазақстан халқының саналы таңдауы, өркенді дамуымыздың кепілі.

**Аралбай
МАМБЕТЖАНОВ,
«Құрмет»
орденінің иегері,
Қазалы ауданының
құрметті азаматы,
Қазақстан
Журналистер
Одағының мүшесі**

СОТҚА ДЕЙІНГІ ХАТТАМА, ЖАСАЛУ ӘДІСІ МЕН ТИІМДІЛІГІ

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 4-бабына сәйкес дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесу азаматтық сот ісін жүргізудің міндеті ретінде нақтыланған.

Осы бағыт бойынша араздасқандарды табыстыру үшін машықтанған татуластырушы-судьялар жұмыс жасауда.

Азаматтық процестік кодекстің талабына сәйкес судья соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы талап қою келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, ал татуласу рәсімдері жүргізілген кезде талап қоюды қабылдауды он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Сот тараптарға татуласу рәсіміне қатысуға шақыру жіберіп, тараптардың татуласуына ықпал ету мақсатында шаралар қабылдайды.

Жалпы «сотқа дейінгі хаттама» жобасының қарастырылуы тараптарды ортақ келісімге келтіру мәселесіне заңды тұрғыда жан-жақты мән берілгенін көрсетеді. Сотқа дейінгі хаттаманың дауды бейбіт шешудің бірнеше тиімді тұстары бар. Хаттама толтыру тараптарға соттың құқықтық көмек көрсететінін білдіреді. Сотқа талап қою келіп түскен соң сот тараптарды заңға сәйкес татуластыру рәсіміне қатысу үшін шақырады. Сонымен бірге, тараптарға сотқа дейінгі хаттаманың үлгісін ұсынады. Тараптар сотқа дейінгі хаттамаға өздерінің уәждерін, талап-тілектерін, сонымен қатар іс бойынша дәлелдеме құжаттарын ұсынады.

Азаматтық процестік кодекстің 73-бабына сәйкес дәлелдемелерді тараптар және іске қатысатын басқа да тұлғалар бірінші сатыдағы сотқа олар сотқа дейінгі хаттаманы жасай отырып, талап қоюды қабылдаған кезде ұсынады, онда тараптардың және іске қатысатын басқа да тұлғалардың олар өздерінің талаптарының немесе қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасауға және істі сотта қараған жағдайда оларды пайдалануға ниет білдірген дәлелдемелерді ашу, ұсыну және алмасу бойынша әрекеттері көрсетіледі.

Егер тараптар 10 жұмыс күні ішінде сотқа дейінгі хаттама жасамай-ақ татуластыру рәсімдері шеңберінде келісімді бекіту туралы өтініш жасаса, азаматтық іс қозғау және оны сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым шығарады.

Сотқа дейінгі хаттаманы жасай отырып татуласқан жағдайда ұйғарым 15 жұмыс күнінен кешіктірілмей шығарылады. Келісімнің шарттардың заңға сәйкестігін және алдын ала сот отырысында үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзушылықтардың болмауын тексереді, оны бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады.

Тараптар келмеген не татуластыру рәсіміне қатысудан бас тартқан жағдайда, татуластыру рәсімінің сәтсіздігіне анықтамалық парақта көрсете отырып, қайта бөлу үшін 10 жұмыс күні өткенге дейін талап қоюды сот кеңсесіне береді.

Татуластыру рәсімінің сәтсіз аяқталғанын немесе тараптардың сотқа дейінгі хаттаманы жасау туралы өз өтінішін 15 жұмыс күні өткенге дейін орындағанын көрсете отырып, талап қоюды сот кеңсесіне қайта бөлу үшін басқа судьяға береді. Сот оны қайтаруға немесе қабылдаудан бас тартуға құқылы, өйткені бұл мәселені судья 5 жұмыс күні ішінде шешеді.

Егер талап қоюды қабылдау үшін негіздер жоқ деп таныса, іс бойынша іс жүргізуді тоқтату немесе талап қоюды қараусыз қалдыру туралы ұйғарым шығарылады.

Азаматтық процестік Кодекстің 16-тарауы аясында істі сот талқылауына дайындау бойынша іс жүргізу әрекеттері жүргізіледі.

**Дәурен НАРМАҒАМБЕТҰЛЫ,
Қазалы аудандық сотының төрағасы**

● Маманның кеңесі

«СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – БҮГІНГІ КҮН ТАЛАБЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Қазалы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бүгінгі күн талабы» атты тақырыппен ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің бас маманы - мемлекеттік аудиторы Каржауов Нурлыбек түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу дегеніміз - бұл мемлекетте тұрақтылықты қамтамасыз етудің қажетті шарты. «Кез келген мемлекеттік құрылыстағы басты нәрсе - бұл өзге де күн тәртібінің жәрдемімен істі лауазым иелері баю жолына түсіп кетпейтіндей етіп ұйымдастыру. Жалпы жұртқа ортақ пайда келуін ойластыратын мемлекеттік құрылыстар ғана әділ, дұрыс болмақ», - деген екен ежелгі бір ойшыл ғалым. Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр.

Әрбір қоғамның даму сатысында күнегей жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ауқаты жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жету, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту - әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»

Заңының басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың жолын кесу және ашу болып табылады. Осы заңмен, мемлекеттік міндетті атқаратын және де оларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін, мүмкіндіктерін пайдалана отырып, пайда табу сыбайлас жемқорлық деп анықталған. Әлемнің көптеген елдері секілді, біздің мемлекетіміз де сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, оның тамырына балта шабуға бағытталған мақсатты жұмыстар жүргізіп келеді.

Қазақстан - бұрынғы Кеңес Одағы аумағында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданылатын заң қабылдап, осы мәселе жөніндегі халықаралық конвенцияларға қосылған алғашқы мемлекеттердің бірі.

Дегенмен, қарапайым халыққа елімізде қабылданып жатқан заңнамалардың анықтығы мен жеңіл түсінетінділігі қажет, азаматтық қоғамды қалыптастыру үшін жағдайлар туғызуға қажетті білім деңгейін, оның ішінде құқықтық сауаттылықты арттыруға жағдайлар жасалу керек.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Жемқорлық – мемлекеттің дамуын тежейтін кесел. Бұл қоғамдағы өзара сенімге, жалпы мемлекетіміздің қауіпсіздігіне қатер төндіретін құбылыс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі жұмыс жүргіземіз» деп осы бағытқа баса мән беріп отыр.

Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылатындықтан, біздер, мемлекеттік қызметшілер сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі жұмыстарды жүргізуге атсалысуымыз қажет.

Қазалы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі

ВИРУСТЫ ГЕПАТИТТЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

Вирусты гепатитінің «А» түрі тұрмыстық және алиментарлы (қоздырғышпен ластанған су және тамақ арқылы) жолдарымен берілетін кең таралған жұқпалы ауру. «А» вирусты гепатитінің эпидемиологиялық өршуі күзгі-қысқы кезеңде байқалады.

Вирусты гепатитінің «А» түрімен барлық жастағы адамдар ауырады, бірақ көбінесе балалар мен жасөспірімдер арасында жиі тіркеледі.

Аурудың инкубациялық кезеңі орташа есеппен 7 күннен 50 күнге созылады, орташа ұзақтығы 35 күн. Инфекциялық жұқтыру көзі науқас адам. Вирустың таралу факторы ауру адамнан бөлінген қоздырғышпен, ластанған су, күнделікті пайдаланатын заттар ойыншықтар.

Аурудың алғашқы белгілері — дене қызуының көтерілуі, әлсіздік, тәбеттің төмендеуі, жүрек айнуы мен құсу, бұлшық ет ауыруы. Кейіннен зәрдің қараюы байқалады, ол күшті қайнатылған шайдың түсін алады, нәжіс, керісінше, түсі өзгереді, сарғаю пайда болады (склераның, терінің сарғаюы). Ауруды болдырмау үшін, әрине, жеке гигиена ережелерін сақтау керек.

Жеке гигиена ережелері:

-Тамақ ішер алдында, дәретқанаға барғаннан кейін, жұмыстан қайтқанда, жаяу жүргенде қолды сабынмен жуу, қайнамаған суды пайдаланбау, әрқашан жемістер мен көкөністерді жуып жеу.

Бүгінгі таңда ең тиімді алдын алу шарасы А гепатитіне қарсы екпе болып табылады. Ол балалар 2 жасқа толғанда жүргізіледі, содан кейін алты айдан кейін ревакцинация жасалады, ошақтардағы эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша 14 жасқа дейінгі балалар да егіледі.

Е вирустық гепатиті жұғу тәсілі, эпидемияға қарсы және санитарлық-гигиеналық шаралар бойынша А вирустық гепатитке жақын.

«Вирустық гепатиттің - В, С, D түрлері бар, олар инфекциялық аурулар тобына жатады және созылмалы бауыр дертін тудырады. В гепатиті - босану кезінде анадан балаға, ине салу мен қан құю, жыныстық

қатынас арқылы; С гепатиті - негізінен, таза емес қан арқылы және D гепатит - В гепатитімен ауырғанда қосымша инфекция ретінде беріледі.

«В» және «С» гепатиттері вирустарының негізгі берілу жолдары:

- жыныстық қатынас жолымен;
- қоздырғыш енген қанды құю;
- тігінен (вирусты жұқтырған ананың жүктілік кезінде, босанған, емізген уақытта балаға);
- қоздырғыш енген медициналық аспаптарды қолдану;
- вирустық гепатитпен ауыратын науқастардың тұрмыстық заттарын пайдаланған сәтте (тіс щеткалары, майлықтар, ұстаралар).

Бүгінде, вирусты «В» гепатиттері екпе арқылы бақылауға алуға болатын жұқпалы ауру болып табылады. Вирусты «В» гепатитіне қарсы жоспарлы екпе Қазақстан Республикасының Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес балалар арасында өмірінің 1-4 күні, 2 айда және 4 айда жүргізіледі.

Вирусты гепатиттің алдын алу мен емдеу қиындық келтіретіндіктен, бүгінгі күні әр адамның өзінің денсаулығына үлкен жауапкершілікпен қарауы аурудың алдын алудағы маңызды шарт болып қала бермек. Ол үшін тегін жүргізілетін скринингтік тексеруден өтіп, балаларды вакцинациялап, жеке гигиеналық құралдарды пайдаланып, емдеу мекемелерінде, тіс емдеу орындарында, шаштараздарда, татуировка, пирсинг, маникюр жасаушылардан бір рет қолданылатын немесе стерилизация жасалған құралдарды талап ету керек.

Вирустық гепатит – емдеп жазғаннан бұрын, алдын алуы оңайға соғатын өте кең таралған қауіпті жұқпалы ауру. Сондықтан, осы белгілер байқалған адам, бірден медицина мамандарына барып қаралуы қажет.

Саракул ШҮКІРӘЛИЕВА,
Қазалы аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11277 дана.